

9-сынып бойынша СҰРАҚТАР:

1. Халық ауыз әдебиеті жайлы не білесіз?
2. Лиро – эпостық жыр дегеніміз не?
3. Шәкәрім «Қалқаман - Мамыр» поэмасының негізгі идеясы.
4. Тұрмыс-салт жырларының түрлерін атаңыз?
5. Реалистік образ дегеніміз не?
6. «Көксерек» повесінің шығу тарихы?
7. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні?
8. Шумақ дегеніміз не?
9. Ғ.Мүсіреповтың шоқтығы биік аналар тақырыбындағы туындыларын атаңыз?
10. Бала тәрбиесіне жаңылтпаштардың мәні.
11. Сарказм дегеніміз не?
12. Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің негізгі тақырыбы.
13. Градация дегеніміз не?
14. Әсірелеу дегеніміз не? Мысал келтір?
15. Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауын жатқа айтып бер.
16. Ертегі дегеніміз не? Ертегінің түрлерін атаңыз?
17. Арнау дегеніміз не?
18. Мағжан Жұмабаевтың «Сүйемін» өлеңінің тақырыбы?
19. Метонимия дегеніміз не?
20. Шешендік сөздер дегеніміз не?
21. Махамбет өлеңдерінің өзіндік ерекшелігі неде?
22. Әдеби қаһарман дегеніміз не?
23. Синекдоха дегеніміз ?
24. Алып – Ер Тұңғаны жоқтау (б.з.д. YII ғ. – б.з. YII ғ.)
25. Тарихи шындық дегеніміз не?
26. Ирония дегеніміз не?
27. Орхон ескерткіштерінің (YII ғ.) әдебиеттегі орны.
28. Символ дегеніміз не?
29. Қазақ әдебиетіндегі лиро- эпостық жырларының мәні неде?
30. Ахмет Байтұрсыновтың мысал әңгімелері?
31. Әңгіме дегеніміз не?
32. Қанатты сөздер дегеніміз не? Мысал келтір?
33. О.Сүлейменовтің «Қыз куу» өлеңінің басты тақырыбы.
34. Қазақ салт-дәстүріндегі батаның маңызы?
35. Құбылту, яғни троп дегеніміз не?
36. «Ер Төстік » қиял-ғажайып ертегіге жататынын қалай дәлелдеуге болады?
37. Мақал дегеніміз не?
38. Инверсия дегеніміз не?
39. Қазақ әдебиетіндегі діни әңгімелер
40. Кейіптеу дегеніміз не?

- 41.Әдебиет тарихы дегеніміз не?
- 42.Ілияс Жансүгіровтың «Әнші» өлеңіндегі Әсет бейнесі?
- 43.Қанатты сөздер дегеніміз не? Мысал келтір.
- 44.Композиция дегеніміз не?
- 45.Абай Құнанабаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз?
- 46.Жанр дегеніміз не?
- 47.Шешендік сөздер дегеніміз не?
- 48.Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз?
- 49.Шешендік сөздер дегеніміз не?
- 50.Сатира дегеніміз не?
- 51.Ер Төстіктің көмекшілеріне сипаттама бер?
- 52.Әсірелеу дегеніміз не?
- 53.Шумақ дегеніміз не?
- 54.Асан Қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты не?
- 55.Теңеу дегеніміз не?
- 56.Лирикалық образ деген не?
- 57.С.Мұқановтың шығармаларын атаңыз?
- 58.Метафора дегеніміз не?
- 59.Қайталау дегеніміз не?
- 60.Мағжан Жұмабаев «Сүйемін» өлеңінің тақырыбы?
- 61.Арнау дегеніміз не ?
- 62.Қанатты сөздер дегеніміз не?
- 63.«Көксерек» повесінің шығу тарихы?
- 64.Сарказм дегеніміз не?
- 65.Аңыз дегеніміз не?
- 66.І.Жансүгіровтың «Ағынды менің Ақсуым» өлеңінің табиғатын суреттеңі
- 67.Лирика дегеніміз не?
- 68.Шендестіру дегеніміз не?
- 69.Сафуан Шаймерденовтің балаларға арналған шығармаларын атаңыз
- 70.Ғ.Мүсіреповтың шоқтығы биік аналар тақырыбындағы туындыларын атаңыз?

ЖАУАПТАРЫ:

- 1. Халық ауыз әдебиет дегеніміз не? (Ауыз әдебиеті — халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы. Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған. Сонымен бірге ғылым мен мәдениетте “халық шығармашылығы”, “халық поэзиясы”, “халықтың ауызша сөз өнері” дейтін атаулар да осыған жақын мағынада қолданылады)**
- 2. Лиро- эпостық жыр дегеніміз не? (Лиро-эпостық жырлар ғашықтық жырлар - лирикалық әрі эпикалық шығарма. Оқиға желісі бірін-бірі құлай сүйген екі жас арасындағы махаббатқа құрылады. Көпшілігінің оқиғасы сүйгеніне қосылуды аңсаған, жастарға ескі салт-сана қарсы тұрып, мерт қылумен аяқталады. Лиро-эпостық жырларларда халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, көңіл-күйі көбірек суреттеледі)**
- 3. Шәкәрім «Қалқаман - Мамыр» поэмасының негізгі идеясы (“Қалқаман-Мамыр” - 1722 жылы болған тарихи оқиғаға байланысты шығарылған дастан. Тақырыбы: кіршіксіз адал махаббатты дәріптеу, білеуші топ орнатқан қатал тіршілікке қарсылық білдіру, айыптау)**
- 4. Тұрмыс- салт жырларының түрлерін атаңыз? (Бесік жыры, тұсаукесер жыры, жар – жар, тойбастар, беташар, бата – тілек, жоқтау)**
- 5. Реалистік образ дегеніміз не? (Реалистік образ - әдебиеттегі адам бейнесінің ең сымбатты, шынайы түрі. Мұның сымбаттылығы да шынайылығы да шыншылдығында. Бұл кәдімгі өмірде болған, бар және бола беретін, бірақ қайталанбайтын, әрқашан бұрын-соңды белгісіз тың қырынан көрініп, ылғи жаңарып отыратын тип.)**
- 6. «Көксерек» повесінің шығу тарихы? (Жазушының жұбайы Валентина Әуезова былай дейді: Бірде мен қабырға күнтізбесін сатып алдым (1929 ж). Сол күнтізбе Мұхтардың жазу үстелінің тұсында ілулі тұратын еді. Қысқы түн, қар жамылған меніреу дала, сонау алыста көз ұшында қар басқан кішкене деревняның оттары көрінеді. Ең алдыңғы қатарда түнде жортқан қасқыр тұр. Мұхтар «Көксерек » әңгімесін жазған болатын)**
- 7. Мақал мәтелдердің тәрбиелік мәні?(Отан сүйгіштікке, өз елінің патриоты болуда, елін-жерін шексіз сүйуіне отан туралы айтылған мақал-мәтелдің берері мол.)**

8. Шумақ дегеніміз не? (Шумақ деп өлеңде бірнеше қатар тармақтардың белгілі мөлшерде топтасуын айтамыз. Бірнеше жолдар мағына жағынан қиюласып келіп шумақ құрайды. Әр шумақта бірнеше тармақ болады. Шумақта тармақ екеуден кем болмайды)

9. Ғ.Мүсіреповтың шоқтығы биік аналар тақырыбындағы туындыларын атаңыз? («Адамның анасы», «Ананың арашасы», «Өлімді жеңген ана», «Ақлима», «Ұлпан», «Ана шешемі айнымайды», «Ана жыры» т.б)

10. Бала тәрбиесіне жаңылтпаштардың мәні? (Баларды жаңылтып, жаңылмас үшін қайта – қайта айтқызып, дағдыландырып, сөзді жаңылмай, шапшаң айтуға үйрету үшін)

11. Сарказм дегеніміз не? (Сарказм – қазақша мысқыл, зілді кекесін. Сарказм - иронияның ұлғайған түрі делінеді. Екеуінің де негізі күлкі. Адамның не өмір құбылысының белгілі бір жағын күлкі ету, шешу, мысқал ету. Бірақ екеуінің өзара жақындығымен қатар, айырмасы да бар.)

12. Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің тақырыбы? (Бұл әңгімеде Байтас қарттың қырық жылдан кейін шекара асыртып, жолда көрген қиындықтарына төзе отырып, алып келгені бір – ақ нәрсе, ол – туған жерге, туған жердің топырағына деген сүйіспеншілік екенін көрсетеді.)

13. Градация дегеніміз не?(Градация (лат біртіндеп көтеру) яғни дамыту – айшықтаудың бір түрі: алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу.Поэзияда, прозада қолданылады.)

14. Әсірелеу дегеніміз не? Мысал келтір. (Әсірелеу (гипербола)- суреттелетін затты немесе құбылысты шамадан тыс асырып айту арқылы тілдің бейнелілігін, әсерлілігін көркемдік тәсілдердің бір түрі.

15. Шортанбай Қанайұлы «Зар заман» толғауы (Заман күйін, ар –ұят, адамгершілік, саяси билік, сауда, дін, иман, ұрлықтың көбейгені, әділеттің жоқтығы, күнкөріс жайы, саяси кіріптарлық т.б маселелер қозғалған)

16. Ертегі дегеніміз не? Ертегінің түрлерін атаныз? (Ертегілер ауыз әдебитінің ең көне жанрына жатады. Бұларда көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін, ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады.оның үш түрі бар: шыншыл ертегілер, қиял – ғажайып ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер)

17. Арнау дегеніміз не? (Арнау -ақын не біреуге, не өзіне, не көпшілікке қайырыла сөйлесе арнау дейді. Бұл үшке бөлінеді: жарлай, сұрай , зарлай

арнау. Көпшілікті не біреуге қайырыла сөйлесе немесе бір нәрсеге шақырса жарлай арнау болады.)

18. Мағжан Жұмабаев «Сүйемін» өлеңінің тақырыбы?(Анасын, елін, жерін сүетінін, өлең жолдармен суреттеген)

19. Метонимия дегеніміз не?(Метонимия – екі ұғымның жақындығына, ұқсастығына қарай бір сөздің орнына екінші сөзді ауыстырып қолдану тәсілі. Мысалы, әйелді – ақ жаулық, әскерді – қол, бүркіт- ақиық, мұзбалақ, қылышты наркескен дейді.)

20. Шешендік сөздер дегеніміз не? (Байырғы салалары: бейнелі сөз, шешендік сын, шешендік өсиет, шешендік нақыл, шешендік дау, шешендік толғау. Әрқайсының әсерлі өңі, сұлулығы, татымдығы, дуалылығы, зерделігі адам ой жүйесіне, жан-дүниесіне, сезіміне мықты қозғау салады, жүрек тебіренеді. Тыңдаушының еркі мен сезімін билейді, толғандырады.)

21. Махамбет өлеңдерінің өзіндік ерекшелігі неде? (Махамбеттің жыр еткен тақырыбы ерлік, халықты ерлік қимылға үндеу. Сондықтан жайма-шуақ жәй кездегі көңіл күйін көрсетуге қолайлырақ келетін 11 буынды өлеңдерден көрі, қимыл, әрекетті, алыс-жұлыс, жортуыл тәрізді өмір құбылыстарын суреттеуге лайықты жыр ағымы, 7-8 буын аралас келетін өлең ырғағы оған анағұрлым ыңғайлы тәрізді.)

22. Әдеби қаһарман дегеніміз не? (Әдеби қаһарман- әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға.)

23. Синекдоха дегеніміз ? (Синекдоха - жобалап, нобайлап, шамалап түсіну – бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына кішіні немесе жалқының орнына жалпыны, бөлшектің орнына бүтінді қолдану негізінде сөз мағынасын алмастыру амалы.)

24. Алып – Ер Тұңғаны жоқтау (б.з.д. VІІ ғ. – б.з. VІІІ ғ.) (Алып Ер Тона - өте көне замандарда өмір сүрген түркілердің көсемі. Иранның ұлы ақыны Фирдоусидің " Шаһнама " кітабының (XІ ғ.) кейіпкері болған. Онда Алып Ер Тона - Афрасияп Тұранның (Түр елі - түркілер) патшасы болып суреттеледі. Ақыл-айласымен, күшімен, біліктілігімен ел есінде мәңгілік қалған тарихи тұлға.)

25.Тарихи шындық дегеніміз не?(Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады.)

26. Ирония дегеніміз не? (Ирония- сөздердің кекесін мағынасында қолдануды. Ирония – адамға, нәрсеге сырттай жақсы баға берсе де ішкі мағынасы оған қарсы шығып жақсы бағаны жоққа шығарса және сол нәрсені келекеге айналдырса соны ирония дейміз)

27. Орхон ескерткіштерінің (VII ғ.) әдебиеттегі орны (*Орхон жазба ескерткіштері* – Орхон, Селенга өзендері бойынан табылған, 7 – 8 ғ-ларға жататын көне түркі сына жазбалары. Бұл жазба ескерткіштер қағандар әулетінің эпитафиялары саналады, көне түркі тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен дүниетанымын көрсетеді; қ. Білге қаған ескерткіші, Күлтегін жазуы, Күлшора (Күлі Чора) жазуы, Мойын – Шор жазба ескерткіші, Тоныкөк жазуы.)

28. Символ дегеніміз не? (Символ-ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне.Мысалы, түлкі бейнесі арқылы қулықты, қоян бейнесі арқылы қорқақ адамды астарлап айтуға болады.)

29. Қазақ әдебиетіндегі лиро-эпостық жырларының мәні неде?(Лиро-эпостық жырлар ғашықтық жырлар - лирикалық әрі эпикалық шығарма. Оқиға желісі бірін-бірі құлай сүйген екі жас арасындағы махаббатқа құрылады. Көпшілігінің оқиғасы сүйгеніне қосылуды аңсаған, жастарға ескі салт-сана қарсы тұрып, мерт қылумен аяқталады. Лиро-эпостық жырларларда халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, көңіл-күйі көбірек суреттеледі. Оларда реалистік және романтикалық көріністер сабақтаса келіп, реалистік әдіс басым жатады. лиро- эпостық жырларда кейіпкерлер батырлар емес, карапайым адамдар. Екі жастың бір -біріне деген сүйіспеншілігін жырлайтын эпостарда, негізінен, махаббат отына жанған қыз бен жігіттің қосыла алмай, трагедияға ұшыраған тағдыры баяндалады. Әдетте, олардың бақытына кедергі болатын нәрсе -ата-аналардың қарсылығы немесе қызға ғашық басқа жігіттің жауыздығы , иә болмаса екі рудың араздығы болып көрсетіледі.)

30. Ахмет Байтұрсыновтың мысал әңгімелері? («Өгіз мен бақа», «Егіннің бастары»)

31. Әңгіме дегеніміз не? (Әңгіме- оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма.Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады.)

32. Қанатты сөздер дегеніміз не? Мысал келтір? (Даналық қорындыға құрылған мейлінше жинағы әрі мағыналы сөз. Қанатты сөздердің авторы анық болады)

33. О.Сүлейменов «Қыз қуу» өлеңінің басты тақырыбы (Қазақтың ұлттық ерекшелігін танытатын, атадан балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын туралы, ұлттық ойынды дәріптеп, ұлттық мінезді сипаттайды.)

34. Қазақ салт – дәстүріндегі батаның маңызы? (Бата бата беру — адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Дастарқан басында, түрлі жиын-тойларда, т.б. адам өмірінде кездесер ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде той, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді. Сондай-ақ, қиын сапар, алыс жолға аттанған азаматына ақ жол тілейтін халқымыздың ежелден келе жатқан, кең таралған дәстүрлерінің бірі. Бата беретіндер, көбіне, көпті көрген ақсақалдар мен кемеңгер де дуалы ауызды билер болып келеді. Бата қысылғанда — қуат, қиналғанда—медет беріп, әрбір іс-әрекетіңе даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептелген. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған. Батасыз, тілексіз өмір болмайды. “Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді” деп халқымыз текке айтпаған. Батаның да қисыны, айтылатын, айтылмайтын жері болады, қуаныш пен тойдың ретіне қарай, соған лайық Бата тілегі болады.)

35. Құбылту яғни троп дегеніміз не? (Троп – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өзін айналдырып айту.)

36. «Ер Төстік » қиял-ғажайып ертегіге жататынын қалай дәлелдеуге болады?(Мысалы Ертөстіктің достары өмірде жоқ. Қиялдан алынған)

37. Мақал дегеніміз не? (Мақал – халық поэзиясының бір түрі, үлкен ойдың ықшамдалып, дәл айтылған нұсқасы. Мақал ойдың тура мағынасын да, кейде астарлы мағынасын да береді.)

38. Инверсия дегеніміз не? (Инверсия. Поэтикалық сөйлемдерде сөйлем ішіндегі сөздерді жай кездегі реттерінен өзгертіп сөйлем мүшелерін екінші орынға қоюшылық жиі кездеседі. Осы сияқты сөйлем мүшелерін орнын ауыстырып қолдануды инверсия дейміз.)

39. Қазақ әдебиетіндегі діни әңгімелер?(«Қасиетті құран кәрім жайында», «Адамата», «Сымайыл», «Зәмзәм»)

40. Кейіптеу дегеніміз не? (Ақын кейде жансыз табиғат құбылысын кәдімгі тірі адамға, жан иесіне ұқсатып, жандандыра , құлпырта суреттейді.Әдебиеттегі мұндай тәсілді кейіптеу деп атайды. Мысалы: А.Құнанбаевтың «Қыс» өлеңі.)

41. Әдебиет тарихы дегеніміз не? (Әдебиет тарихы- әр халықтың әдебиетін тарихи қалыптасу тұрғысында қарастырып, дәуірге бөліп, әдеби бағыттарды, оған үлкен үлес қосқан ірі жазушылар шығармашылығын нақтылы зерттейді.)

42. Ілияс Жансүгіровтың «Әнші» өлеңіндегі Әсет бейнесі? (Өлең асқан әнші, сазгер Ә. Найманбаевтың атынан жырланады. Ақын ән салса аңыратып, жайлантаып, қоңырлатаып, жамыратаып, қоңыр қаздай мамырлатаып, боздатаып, күңіреңтіп, нөсердей жауындатаып, бұрқақтатаып, жүйіткітіп, аңқылдатаып, шалықтатаып, талдырып, тамылжытып, әсерлетіп...деп көсемше етістікке жан бітіре сөйлетеді.)

43. Қанатты сөздер дегеніміз не? Мысал келтір? (Даналық қорындыға құрылған мейлінше жинағы әрі мағыналы сөз. Қанатты сөздердің авторы анық болады. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін насе-білім» (М.Әуезов))

44. Композиция дегеніміз не?(Композиция (лат. *compositio* - құрастыру, шығарма) -оның жанры мен мазмұнына орай құрамдас бөліктерінің тұтастығы. Композиция - құрамдас бөліктері бірлікте ұштастырылған, бір-біріне және жалпы мүддеге бағындырылған мақсатты көркем құрылым. Пластик. өнерле композиция көркем пішін (форма) түзілімінің жеке сәттерін біріктіріп тұрады.)

45. Абай Құнанабаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз? («Әсемпаз болма әр неге», «Ғылым таппай мақтанба», «Қыс», «Жаз», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» т.б)

46. Жанр дегеніміз не? (Жанр- әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары. Орныққан жүйе бойынша әдеби шығармалар негізінен үш топқа бөлініп, жіктеледі: эпостық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр).

47. Шешендік сөздер дегеніміз не? (Байырғы салалары: бейнелі сөз, шешендік сын, шешендік өсиет, шешендік нақыл, шешендік дау, шешендік толғау. Әр қайсының әсерлі өңі, сұлулығы, татымдығы, дуалылығы, зерделігі адам ой жүйесіне, жан-дүниесіне, сезіміне мықты қозғау салады,

жүрек тебіренгеді. Тындаушының еркі мен сезімін билейді, толғандырады.)

48. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз? («Өзен», «Әке мен бала», «Бақша ағаштары», «Дүние қалай етсең табылады?»)

49. Шешендік сөздер дегеніміз не? (Шешендік сөздер- елге белгілі адамдардың қайсыбір оқиғаға байланысты айтқан тапқыр сөздері)

50. Сатира дегеніміз не? (Сатира (лат. *Satira*)- өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі.)

51. Ер Төстіктің көмекшілеріне сипаттама бер?(Баукеспе ұры, Желаяқ, Саққұлақ, Таусоғар, Көлтауысар, Қырағы)

52. Әсірелеу дегеніміз не? (Әсірелеу (гипербола)- суреттелетін затты немесе құбылысты шамадан тыс асырып айту арқылы тілдің бейнелілігін, әсерлілігін көркемдік тәсілдердің бір түрі.

53. Шумақ дегеніміз не? (Шумақ деп өлеңде бірнеше қатар тармақтардың белгілі мөлшерде топтасуын айтамыз. Бірнеше жолдар мағына жағынан қиюласып келіп шумақ құрайды. Әр шумақта бірнеше тармақ болады. Шумақта тармақ екеуден кем болмайды)

54. Асан Қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты не? (Асанқайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп «Жерұйық» дейтін ну орманды , көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді. Ұлытаудың бас жағына келіп дүние салыпты)

55. Теңеу дегеніміз не? (Теңеу- құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Әр нәрсені салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер)

56. Лирикалық образ деген не?(Лирикалық образ- сыншыл өлең жырлардағы ақынның бейнесі; оның ішкі бітімі; ақынның мың иірім көңіл күйінен-нәзік сыры мен сылқым сезімдерінен өріліп жасалған өзгеше кейіпкер.)

57. С.Мұқановтың шығармаларын атаңыз?(«Ботагөз», «Сұлушаш», «Есею жылдары», «Балуан Шолақ»)

58. Метафора дегеніміз не? (Метафора дегеніміз не? Сөз мәнін өңдендіре , өзгерте айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, өзіне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау.)

59. Қайталау дегеніміз не? (Қайталау. Белгілі бір ұғымға назар аударту үшін бір сөзді не бір сөйлемді қайта-қайта айтуды қайталау деп атайды. Қайталаудың бірнеше түрі болады.)

60. Мағжан Жұмабаев «Сүйемін» өлеңінің тақырыбы?(Анасын, елін, жерін сүетінін, өлең жолдармен суреттеген)

61. Арнау дегеніміз не?(Арнау -ақын не біреуге, не өзіне, не көпшілікке қайырыла сөйлесе арнау дейді. Бұл үшке бөлінеді: жарлай, сұрай , зарлай арнау. Көпшілікті не біреуге қайырыла сөйлесе немесе бір нәрсеге шақырса жарлай арнау болады.)

62. Қанатты сөздер дегеніміз не? Мысал келтір? (Даналық қорындыға құрылған мейлінше жинағы әрі мағыналы сөз. Қанатты сөздердің авторы анық болады

63.«Көксерек» повесінің шығу тарихы?(Жазушының жұбайы Валентина Әуезова былай дейді: Бірде мен қабырға күнтізбесін сатып алдым(1929ж).Сол күнтізбе Мұхтардың жазу үстелінің тұсында ілулі тұратын еді. Қысқы түн, қар жамылған меңіреу дала, сонау алыста көз ұшында қар басқан кішкене деревняның оттары көрінеді.Ең алдыңғы қатарда түнде жортқан қасқыр тұр. Мұхтар «Көксерек » әңгімесін жазған болатын)

64. Сарказм дегеніміз не?(Сарказм – қазақша мысқыл, зілді кекесін. Сарказм - иронияның ұлғайған түрі делінеді. Екеуінің де негізі күлкі. Адамның не өмір құбылысының белгілі бір жағын күлкі ету, шешу, мысқал ету. Бірақ екеуінің өзара жақындығымен қатар, айырмасы да бар.)

65. Аңыз дегеніміз не? (Тарихта болған әйгілі адамдар туралы, елдің, рудың шыққан тегі туралы, не нақтылы бір жерде өткен оқиғалар туралы тарихи шындыққа негізделген, бірақ уақыт өте келе көркем шығармаға айналып кеткен әңгіме. Аңыз әңгіме кейде өлең, кейде жыр күйінде болуы мүмкін)

66. І.Жансүгіровтың «Ағынды менің Ақсуым» өлеңінің табиғатын суреттеңіз?(Арқырап аққан Ақсудың тастарының сұлуын, Ақсу бойындағы қайың менен итмұрынның керемететін суреттеген)

67.Лирика дегеніміз не? (Лирика (гр. *Lyra* - лира аспабының сүйемелдеуімен айтылатын көркем әдебиет жанрының бірі) Лириканың басты ерекшелігі - адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді.

Лирикалық шығармалар өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге көз қарасы, оның сезімін, нақты ойі көңіл-күйін суреттеу, әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі. Кез келген сезіну мен толғаныс Лирика тудыра алмайды, әлеуметтік-толғаныстар Лирика тудырады. Эпика жанры баяндауға негізделсе, Лирикалық шығарма адамның түрлі құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасады.)

68. Шендестіру дегеніміз не? (Шендестіру. Мағына жағынан бір-біріне қарсы аралары алшақ жатқан екі нәрсені бетпе-бет қоюды шендестіру дейді.)

69. Сафуан Шаймерденовтың балаларға арналған шығармаларын атаңыз?(«Мінез», «Мезгіл», «Өкіл әке», «Қыр гүлі»)

70. Ғ.Мүсіреповтың шоқтығы биік аналар тақырыбындағы туындыларын атаңыз? («Адамның анасы», «Ананың арашасы», «Өлімді жеңген ана», «Ақлима», «Ұлпан», «Ана шешемі айнымайды», «Ана жыры» т.б)

